

ЧЕШЕНСТАН АЗАТТЫҚ АЛДЫ

Чешенстан азаттық алды. Болажақ емес, болмыс. Декларация арқылы қабылданған, немесе бүркемелі, немесе жарым-жартылай ғана, сөз жүзіндегі тәуелсіздік емес. Байырғы ұлт өзін елдің иесі, жердің қожасы, бүгінгі ұрпақ, келер әулет алдында жауапкер, басы бұла, рухы еркін біртұтас қауым деп сезінген, шын мәнісіндегі бостандық. Жаңа чешен ұлысының азаттық таңы бұдан он төрт ай бұрын, жалын шашып, өлім төккен Ресей әскерлері ел шетіне келіп кірген 1994 жылғы 11 желтоқсаннан бастау алады. Сол күні бүкіл чешен жұртының ер-азаматы ғана емес, жас бала, жаулықты әйеліне дейін өздерінің заңнан тыс деп жарияланғанын, қорлық пен құлдыққа, өлімге кесілгенін, аяушылық жоғын және ара түсер ешкім болмасын көрді, білді. Азғана халықтың алып империяға қарсы жанкешті күресі басталды.

Осы жақында ғана, шағын ауылға бекінген екі жүздей чешен жауынгерін неше мың адамдық қалың қолмен қоршауға алып, қазіргі заманғы, атом бомбасынан басқа, мүмкін болған ең қуатты қарулармен ұзақ төрт тәулік бойы төпелеген, тоқсан үйді түгел қиратып, бірер жүз бейбіт адам, тайлы бие, бұзаулы сиыр және қаншама тауықпен қоса қырық екі чешенді өлтірген, өзі төрт жүзден астам салдаты мен біраз техникасынан айрылып, тіке шабуылда сағы сынып, шебі сөгілген, айбарлы империяны мазаққа қалдырған, сөйте тұра ұлы жеңіс туралы рапорт берген Ресей генералы бүкіл әлем алдында: “Бұл чешендер қолынан келсе кісі өлтіреді, кісі өлтіре алмаса, қарақшылықпен айналысады, оған да шамасы жетпесе ұрлық жасайды, бұдан басқа түрлі чешен болмайды”, – деп мәлімдеді. Чешен жұртының арасынан дәл осындай бір некес табыла қалса, осы айтылғандардың үстіне “топас, ноқай, алқаш...” тағы басқа қаншама сөз қосып, есесімен қайтарып берер еді. Көптің ішінде нелер болмайды. Алайда осы он төрт ай ішінде біз чешен халқының ерлігін ғана емес, мәрттігін де көрдік, ұстамдылығына қайран қалдық.

Жеткен халық екен, жетілген халық екен. Бар түйін – елге ұйтқы, жауға қорған екі-үш кісіге тіреліп тұрған жоқ. Республиканың заңды президенті Джохар Дудаев пен қорғаныс соғысының стратегиялық бағдарын жүзеге асырып отырған бас қолбасы Аслан Масхадов қатардан шыға қалса, олардың орнын басатын ондаған азамат бар. Керек десеңіз, бар кілтипан әуелгі екеуде, одан соңғы он мен жүзде ғана емес, бір миллиондық чешен халқының қайсар рухы мен қайтпас жүрегінде жатыр.

Біз тау халықтарының, оның ішінде чешендердің азаттық жолындағы асау серпілісін өткен ғасырдың өзінде танып білдік, бағаладық, жанашырлық қана емес, тілектестік көрсеттік. Имам Шәмілдің есімі елге әйгілі болды, күрес жолындағылардың қиян ерлігі мен ауыр тағдыры жырға қосылды, дастандар жазылып, аңыздар тарады, бұғау салынып Сібірге айдалған, сәті түсіп, қапастан қашып шыққан жекелеген ер

жігіттер қазақ даласынан пана тапты, кейбірі ес жиып, еңсе көтерген соң атты, тонды болып, туған жеріне қайыра сапар шекті, бұл жағдаят тарихтан мәлім бір ғана Құнанбай ауылы емес, байтақ ұлыстың барлық тарабында да көрініс берді.

Жер әлемдегі саны мол отыз халықтың бірі болып отырған қазақтардың тең жарымынан астамын жалмап, оны мүлде ойсыратқан, ұлттық сана мен жетелі сапа жағынан да ең төменгі деңгейге түсірген советтік XX ғасыр тау халықтарына да айрықша қаталдық көрсетті: қарашайлар, малқарлар мен чешендер түп көтеріле жер аударылды, түгелімен дерлік біздің елімізге келіп төгілді. Осыдан бір-ақ мүшел бұрын ортасынан ойылған, енді барлық ер-азаматы басқаның жауымен соғысып, басқаның жерінде қан жұтып жатқан қазақ жұрты бақытсыз, панасыз бауырларын жанашырлықпен қарсылады: барын аямады, бөтен деп сыртқа теппеді, ашынған, тарыққан делісі мен тентегінің өзіне кеңшілікпен қарады, бұла халықтың адалдығын жазбай танып, кісілігіне тәнті болды, қажыр-қайратын көріп, ер көңілін, кең пейілін бағамдады, – мың жыл бойы бірге тұрып келе жатқандай, біржола туысты.

Заман аз-маз оңалып, кешегі ауып келген жұрт атамекеніне қайтқаннан соң да біз олардан көз жазбадық. Қарашайдың қайта туғанына қуандық, малқардың өз ортасынан үлкен ақын шығарғанына мақтандық, ұлттық дәстүрін берік ұстаған чешендердің саны күрт өсіп, әуелі төрт жүз, одан соң алты жүз мыңға жеткеніне сүйіндік, енді он бес жылда, бір миллионға ілінген кезде бүкіл Терістік Қапқаздағы саяси жағдайға ықпал етеді, чешендер де әлемдегі үлкен халықтардың қатарына шығады деп ойладық. Долбар емес, қисыны солай болатын. Чешен халқында адамзатқа жаратушы берген абзал қасиеттің бәрі де бар, тек саны ғана толмай тұрған.

Ақыры, алла тағала межелеген күні чешен халқының ұзын саны бір миллионға еркін жетті, дәл осы кезде, оны да алланың ісі демеске болмайды, зұлымдыққа құрылған қызыл империя да шылпара ыдырады. Азаттық жолында ажалдан да тайсалып көрмеген чешен халқы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ойластыра бастады.

Мәңгілік құлдыққа кесілген ел бар ма? Өзінің атамекен жерінде, тарихи отанында отырып, дербестікке ұмтылмайтын жұрт бола ма екен? Басқа бір халықтың телімінде жүру де бақыт па? Егер әлдебір кезеңде, әлдебір жағдайда қалыптасқан мемлекет құрамы бұзылмауға тиіс десек, Мәскеу княздігі неге Алтын Ордадан бөліну үшін күресті? Ұлы Британияның басыбайлы бір иелігі тәуелсіздік туын көтеріп, өзін Америка Құрама Штаттары деп жариялауы заңға қайшы болғаны ғой? Бүкіл Латын Америкасының Испан өктемдігін тәрік етіп, жаңадан қаншама мемлекет құруын қалай бағалаймыз? Мұның бәрі – өткен іс, арғы тарих деңіз. Күні кеше ғана латыш пен эстон, әрмен мен гүржі, қазақ пен қырғыз дербес мемлекет мәртебесін алса, дәл солардай екі аяқты чешеннің несібесі неге кем болуы керек? Әлде саны аз, жері шағын ба? Онда әлдебір мұхиттағы алақандай аралдың жүз мыңға толмайтын халқы өзін өзі билеп, Біріккен Ұлттар Ұйымына қалай мүше болып отыр? Әлде,

чешен жұртының қалауы басқа ма? Ендеше, он төрт ай бойы тізе бүкпей, сырттан енген жарты миллион әскермен соғысып жатқан кім?

Жері қазыналы, елі кәделі, саны мол чешен халқы ұрыс тілеген жоқ, азаттық қана аңсады. Бірақ сол жолда қандай кесапатқа болмасын қарсы тұрары, алған беттен қайтпасы, ажалдан тайынбасы кәміл еді. Алайда, соңғы бес жүз жыл бойы тек жаулаушылық соғыстар нәтижесінде ғана жарым дүниені – әлемдік құрылықтың алтыдан бір бөлігін баурына басқан, сол, қантөгіс пен зорлыққа толы бес ғасыр ішінде алғаш рет Ауғанда тұмсығы тасқа тиіп, кері серпілген, бірақ одан тиесілі сабақ алмаған жиһангерлер әулеті жаңа бір соғыс ошағын ашты. Әуелде екі сағатта бітірмек болды, одан кейін екі күнге жоспарласа керек, екі күн, екі апта өткен соң екі айда тәмамдауды ойлаған, – енді Ресей генералдарына екі жылдың өзі арман болып отыр. Бүкіл Чешенстан еліне төгілген қанды топан ұлттың ошағын өшіре алмады, азаматтың кеудесін баса алмады, тәуелсіздік алауы аспандай шалқып, елдің ежелгі аруағы қайта тірілді.

Қапқаз соғыстарының тарихымен таныс, тау халықтарының, оның ішінде чешен жұртының ұлттық дәстүр, мінез-құлқынан аз-маз хабардар, ақыл-есі түзу кез келген адам дәл осылай боларын біліп еді. Соғыстың ауыр зардапты қатерін орыс зиялылары атап көрсетті. Туған ошағы, адамдық намыс, ар-өждан жолындағы күреске бел буған чешенді зорлықпен жеңу мүмкін емесі, бұл майданның кешегі Ауған соғысын нақпа-нақ қайталайтыны, бірақ одан гөрі қантөгісті әрі ойранды болатыны кейбір қазақ қаламгерлеріне де айқын еді. Бірақ бәріміз де авиациясы жоқ, ауыр техникадан ада, саны да шектеулі көтерілісшілердің негізгі күштері бірер аптада талқандалады, содан соң кең көлемдегі, тынымсыз, тежеусіз партизандық соғыс басталады, мылтық ұстамаған чешен қалмайды деп есептедік. Бірақ сол білгіштердің өзінің екі нәрсеге көзі жетпепті, мұның біріншісі – Ресей әскерлерінің қарулы жасақшы мен қатын-балаға бірдей ажал сепкен, адамзат тарихында болмаған, әшады қаталдығы, екіншісі – чешен аламандарының, ол да тарихта болмаған, жанкешті ерлігі.

Қазіргі заманғы ең озық соғыс қаруларымен жарақтанған Ресей әскері Чешенстан астанасы, неге екені белгісіз, патша заманындағы аты өзгертілмеген Грозныйға от шашып кіргенде, жүрегінде әділеттің бір тамшы қаны бар қазақтың түршікпегені жоқ шығар. Содан бірер апта өткенде, Арғұн қаласын қоршауда бір мың чешен өлтірілді деген (кейін теріске шыққан) хабар жеткен кеште қаншама қазақтың от басында шәйіттерге арнап құран бағышталды екен? Зұлымдық империясының қанды шеңгеліне ілінген жұртқа деген аяушылық сезімі сол күндердің өзінде сүйініш, тәуба арқылы үмітке ұласып, сенімге айналды. Ер ұлдары бар, жауынгер көсемдері бар чешен халқы талайсыз болса да бақсыз емес екен, жалғыз болса да пақыр емес, жәрдемсіз болса да қорғансыз емес екен.

Қазір Ресейдің әскерінің әлсіздігі, генералдарының дарынсыздығы туралы айту дәстүрге енді. Әділет жағындағы адамның пікірі емес. Жаулаушыға жанашырлық, қорғанушының қасиетін бағаламау ғана.

Тарихтың қайталануы рас екен. Әлемдік екінші Қасаптың алғашқы жылы Қысқы соғыста өздерінің мәңгілік азаттығы үшін күрескен фин халқын бірден тапап тастай алмаған, маскара жеңілістерге ұшырап, солығын әрең басқан Қызыл армия туралы Батыста қаншама мазақ сөз айтылды, әскери тарихшылар әлі күнге дейін Совет армиясы өзінің әлсіздігін байқатты деп жазып жатыр. Ал осы Фин соғысынан қате қорытынды шығарған Гитлердің тағдыры көпке мәлім. Еуропаның өктем жұрттары танып, бағаламаған Қысқы соғыс елу бес жылдан соң Күзей Қапқазда қайтадан тұтанып отыр. Сол империя. Сол әскер. Сол генералдар. Тек одан бері қаруы жетілген, араны ашыла түскен. Жарағының кемдігіне қарамастан, қазіргі заманғы соғыстың озық үлгісін көрсеткен, әдіс-айла, білім мен парасатты тең ұстаған, жүрегі алмас, жүйкесі құрыш, қаһарман қауымды тізе бүктіре алмаса, нашарлығы ма – чешен аламандарына қарсы әлемдік деңгейдегі реактивті ұшақтар мен зымырандар қолданып отырған, жүздеген танк пен беренді машиналарды іске қосқан әскер қалай әлсіз болады? Ғаламат қуатты, дүлей тозақы. Қиыр Еуропаға басып кірсе, әлгі жанашырлар көрер еді, бұл әскердің қаншалық “әлсіз” екенін.

Хош, оның бетін әрі қылсын. Бірақ сол Батыста чешен халқына жаны ашып отырған кім бар? Керісінше, “соғыс тәсіліне машықпаған байғұс орыс салдаттары” туралы қаншама мүсіркеу сөз айтылды. Орыстың жеріне чешен басып кірген сияқты. Құрбандық – орыс, жендет – чешен сияқты...

Күні кешке ғана коммунистік қатер, атом апаты алдында тұтаса бастаған әлем қайтадан екіге жарылғанын осы Чешен соғысы кезінде анық байқадық. Ғасыр басында Киплинг айтқандай, Батыс – өз орнында, Шығыс өз орнында екен және сол бұрынғыша, Батыс өзі не істесе де жөн деп санайды екен. Бірді-екілі адам емес, бүкіл қауымның пікірі, орта ғасырларда қалыптасқан, XX ғасырда өктемдік еткен, енді XXI ғасырға көшіп бара жатқан нәсілдік артықшылық, діни тазалық туралы идеологияның айқын көрінісі.

Жауынгер чешен халқы отты қорғасын астында қалды. Қалалар жермен жексен. Қырылмаған, қирамаған ауыл жоқ. Әйелдер айуандықпен зорланды. Қарттар аяусыз атылды. Сәбидің бесігін жалын орап, бұғанасы бекімеген жас баланың өмірі үзілді.

Азаттық аңсаған чешен жұртының ақжүрек жаңа нәсілі көктей қиылып жатыр. Ал Батыс... Ресейдің өз ішінде бір кісінің сирағы сыздаса, ойбай, адам хұқығы бұзылды деп айқай-сүрен көтеретін демократияшыл Батыс тұтас бір халыққа жасалып жатқан жан түршігерлік қиянат пен зорлыққа, апат пен қырғынға... қарап қана, жайбарақат отыр. Басқа бір елдің ішкі ісіне араласуға болмайтын көрінеді. Манағы, балтыры сыздап, ұйқысы бұзылған диссидентті қорғау – ішкі іске араласу емес екен. Өйткені ол дессидент – асыл нәсілден, ақ түсті еуропалық. Ал мынау бұзығыңыз, бір адам емес тұтас бір халық – азиат па, шорт па, бырт па – өлмесе өме қапсын... Жақында ғана, Балқандағы бітімнің сұлбасы да көрінбей тұрған шақта Боснаға арнайы сапармен барып қайтқан орыс жазушысы Екінші Распутин: “Бұл мұсылмандардан біздің дініміз де

жоғары, нәсіліміз де артық, мәдениетіміз де озық” деп мәлімдеді, қырғынға басу айтудың орнына отқа май құйып кетті. Қазіргі орыстың екінші бір нәсілшіл жазушысы Солженицын “чешеннен бас сауғала, қазақты тұт” – деп жар салғалы қанша заман, түрмеде отырған кезінде сұғанақтығын байқаған чешендер сабап алса керек, ал түрмеден шығып, бұратылып жатқан кезінде қазақтар аяп, аузына сүт тамызған, шошынуы орынды, басынуында да қисын бар: аузы күйген үрлеп ішеді, майшелпек жегеннің тәбеті ашыла түспек; зорлықшыл дию-пері тек дүлей күштен ғана сескенеді. Қандай да бітімді қаламаған, тек қырып бітіп қана тоқтауға бекінген Ельцин өкіметі Буденовскідегі топалаңнан соң ғана есін жиып, келіссөзге отырды. Ешбір мәмлеге тоқтамай, іс аяғын соза келе қырғынды қайта бастап еді. Енді Первомайскідегі масқарадан соң тағы да келіссөз үміті қылаң беріп отыр, сол бұрынғыша, чешенге жаны ашыған ешкім жоқ, өктем жұрт өз қамын ойлай бастаған. Ол да жақсы. Қазақ айтыпты ғой, баяғыда: “Өзін аямаған өзгенің бетін шиедей қылады” деп. Осыдан он төрт ай бұрын өзін өзі аямай соғыс бастаған қауымның қан болмаған жері қалған жоқ. Бірақ Ресейдегі саяси күштердің ауқымына қарағанда, қазіргі өкіметтің де, бұдан соңғы өкіметтің де ақылға келер, абыройлы шешім қабылдар түрі байқалмайды, жалғаны жоқ бір құдай ынсап бермесе, іс аяғы күн озған сайын қиындай бермек.

Бостандық жолына бас тіккен, одан беріде қаласы қирап, намысы тапталып, қаны төгілген чешен жұрты да ең соңғы кісісі қалғанға дейін күрес жолынан айнымайтынын көрсетіп отыр. Алланың нұры жаусын арыстан текті асау жұртқа. Соғыс тыйылар, тыныштық орнар, жара жазылмаса да жан байсал табар. Тәуелсіздік туы жығылмайды, Чешенстан азат, еркін елдер қатарына қосылады. Кесімді тағдыр өзгермейді, тарих тегершігі кері айналмайды.

Тек бір нәрседен қауіптенем. Өткен тарихта өзінің тәуелсіздігін сақтау үшін ажалға бет қойған, бас имеген қалпы, тұқым тұяғымен қырылып кеткен ер халықтар болып еді. Дәл осы жағдай чешеннің де басына түсер деген әуелгі домбық тарқады. Менің көңілімдегі түйткіл – жүрегі шайлыққан жас бала атасына тартпай, жалтақ болып өсе ме деймін, “Артық қайрат – жанға қас” деген, қатерден тайынбайтын, өлімнен ықпайтын қаһарман ұлдары көбірек шәйіт болып, ерлердің тұқымы азайып, жетесі болат жұрттың буыны босаңси ма деп қорқам. Иншалла, өткен ғасырдағы қырғын соғыстардан соң да қайрат тапқан, осы ғасырдағы топалаңнан соң да парасат тапқан чешен халқы болашақ бейбіт заманда кетігін бүтіндеп, қайтадан кемеліне келер, ол күн кешегі күннен озық болар!

Ал қазір бүкіл Чешенстан қызыл қырғын, от жалын құшағында. Өз ордасын тігуді мұрат санаған ер халық, мәрт халық осындай кепке ұшырап отыр.

Қазіргі жағдайда да, бұдан соңғы, бұдан басқа жағдайларда да, жүздеген жылдар бойы, мәңгі бақи біз чешен жағындамыз. Неге десеніз, адамдық жайын, мұсылмандық парыз, әділдік жайын айтпағанда, біз –

қазақпыз, осындай қиын кезеңде жер әлемде жалғыз қалған чешен халқының ең жақын туысы – біз боламыз. Анық ақиқаты сол.

Қазақтың қасиетті топырағынан жаралған бізден соңғы жалғыз халық – чешен. Өз тарихының ең қиын кезеңінде, халық тағдырының алмағайып тұсында бүкіл чешен жұрты Қазақстанға келіп орнықты. Қалмақтар сияқты Сібірге тасталып, түгелге туық аштан, суықтан өлмеді, қырымдықтар сияқты тар жердің өзінде нөпірге түсіп, етек-жеңі жайылмады. Бөлшектенген жоқ, бытыраса да бір елде болды. Қазақтың топырағына табаны тимеген, ауасынан жұтып, суынан ішпеген чешен қалмады. Ақ өліммен көз жұмған мыңдаған чешен осы жердің топырағын жастанды. Бір мүшелден астам ұзақ уақыт ішінде он мыңдаған ұл мен қыз туды осы жерде. Олар біздің кең далада бұла болып өсті, алды елуге келген бұл ұрпақтың ұғымында туған жер – осы біздің ел. Чешен халқы атамекенге оралып, жаңадан түтін түтеткеннен соң дүниеге келген жаңа буын тұтасымен қазақта болған, қазақта туған жұрттың әулеті, олар да Қазақстанды өзінің екінші Отаны санайды.

Ендеше, Қазақ-Ата, Күзей Қапқазда азаттық туын тіккен, ұлыстың болашағы үшін күресіп жатқан арда халық – сенің төл перзентің! Бостандық жолында бой көтерген бір чешен шәйіт болса, Қазақ-Ата, сенің де бір тамшы қаның жерге тамды деп біл!

3.ІІ.1996.